

**"Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 236
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 қарашадағы № 566 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 желтоқсанда № 12419 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 236 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 10839 болып тіркелген, Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 шілдеде жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік тапсырманы әзірлеу және орындау қағидаларында :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі республикалық бюджетті әзірлеу кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтініммен, бюджеттік бағдарламалардың жобаларымен, стратегиялық жоспарлардың жобаларымен немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларымен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен монополияға қарсы органның қорытындыларын есепке ала отырып, мемлекеттік тапсырма нысанында мемлекеттік қызметтер көрсетуге немесе бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға ұсыныс береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және монополияға қарсы органның қорытындыларын алу мақсатында республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және монополияға қарсы органға мемлекеттік қызметтерді көрсетуге немесе мемлекеттік тапсырма нысанында бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға ұсыныс көшірмесін, сондай-ақ мемлекеттік тапсырманы орындауға жауапты заңды тұлғаның жарғысының көшірмесін жолдайды. Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және монополияға қарсы орган республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінен бастапқы енгізілген құжаттар пакетін қайтармай, мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты өзге құжаттарды және (немесе) ақпаратты ресми түрде сұратады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемлекеттік тапсырма нысанында орындауға жоспарланып отырған мемлекеттік қызметтер мен бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі Республикалық бюджет комиссиясының қарауына стратегиялық жоспарлардың жобаларымен немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларымен, бюджеттік өтінімдермен, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және монополияға қарсы органның қорытындыларымен бірге енгізіледі.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді кейінге қалдырмай шешу қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 41-бабына сәйкес қаржы жылы ішінде Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, республикалық бюджетте бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалар шегінде Мемлекеттік тапсырмалар тізбесіне толықтырулар енгізеді.

Мемлекеттік тапсырмалардың тізбесін толықтыру бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және монополияға қарсы органның қорытындыларын есепке ала отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Б. Сұлтанов